




Іскерлік белсенділік индексі

2023 Сәуір

Сәуірде аздап баяулағанына қарамастан, іскерлік белсенділік оң аймақта қалып, 51,2 құрады.

График 1. Іскерлік белсенділік индексінің (ИБИ) динамикасы*



* Көрсеткіш 50-ден жоғары болса оң өзгерісті, төмен болса кері өзгерісті білдіреді. Индекстің мәні 50-ден қаншалықты жоғары (төмен) болса, көрсеткіштің өсу (құлдырау) қарқыны соншалықты жоғары (төмен), 50-ге тең деңгейі өзгерістің жоқ екендігін көрсетеді.


2023 жылғы сәуірде іскерлік белсенділік индексі 51,2 құрап, 0,4 тармаққа төмендеді.

Көрсеткіштің динамикасына өндірістегі индекстің өзгеруі әсер етті, онда тауарлық-материалдық қорлар көлемінің төмендеуіне байланысты индекс теріс аймаққа өтіп, **49,6** құрады (наурызда-52,9). Құрылыста да көрсеткіштің нашарлауы байқалды, мұнда іскерлік белсенділік **50,4**-ке дейін баяулады (наурыздағы 53,3-тен), бірақ индекс өсу аймағында қалды. Қызмет көрсету секторында көрсеткіштің шамалы жақсарғаны байқалды (наурыздағы 51,7-ден **52,0**-ге дейін), тау-кен өнеркәсібінде де көрсеткіш **49,8**-ге дейін (наурыздағы 48,6-дан) жақсарды, дегенмен ол әлі де теріс аймақта қалып отыр. Барлық секторлар үшін ұзақ жеткізу мерзімі іскерлік белсенділікті тежейтін фактор болып тұр.

График 2. Сәуірдегі өңірлер бойынша ИБИ

12 өңірде іскерлік белсенділік жақсарды, 4 өңірде нашарлады, 1 өңірде өзгерген жоқ.


Индекстің ең үлкен мәні Солтүстік Қазақстан облысында (59,1), ең аз мәні Шымкент қаласында (46,4) тіркелді, Алматы облысында іскерлік белсенділік өзгеріссіз қалды.



Бизнес-ахуал индексі

Бизнес-ахуал индексі аздап төмендеді, бірақ көрсеткіш оң аймақта қалды. Индекстің төмендеуі қызмет көрсетуден басқа барлық секторларда байқалды. Респонденттердің бағалауы бойынша, сәуір айында бизнес жүргізу шарттары наурызға қарағанда нашар, бірақ ақпанға қарағанда жақсырақ болды.

График 3. Бизнес-ахуал индексінің (БАИ) динамикасы*



* Ағымдағы және болашақ бизнес-ахуалды бағалау үшін жауаптар теңгерімі (ЖТ) қолданылады, ол бизнес-ахуалдың өзгерісі жайлы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптар арасындағы айырмашылық. Индекстің мәні 0 ден жоғары болса ахуалдың жақсарғанын, төмен болса нашарлағанын білдіреді.

Кәсіпорындар ағымдағы бизнес жағдайларын жалпы оң бағалады, ал бизнес жағдайларының кейбір факторларының бағасы теріс мәнге ие болды.

Сұраныс пен бизнесті қорғау мәселелері оң бағаланды, бизнес жағдайларының қалған факторлары бойынша (салық жүктемесі, қаржыға/несиеге қолжетімділік, инфрақұрылым) теріс бағалар басым болды.


2023 жылдың сәуірінде бағалаудың аздап төмендеуіне қарамастан, бизнес-цикл «сағатының» индикаторы өсу аймағында қалды

Кәсіпорындардың ағымдағы бизнес жағдайларын бағалауы 4,8-ге дейін төмендеді.

Алдағы 6 айға болашақ бизнес-шарттарды бағалау 24,3 құрады.

*Бизнес-цикл «сағаты» экономиканың берілген уақытта циклдың қай фазасында болғанын көрсетеді. Оны құру үшін ағымдағы ахуалды (X осі бойынша) және болашақ ахуалды (Y осі бойынша) бағалау бойынша деректер қолданылады.

График 4. Бизнес-цикл «сағаты»



ӘДІСНАМАЛЫҚ ТҮСІНДІРМЕ

¹ Ақпарат нақты сектор мониторингіне қатысушы кәсіпорындардың арасында жүргізілген ай сайынғы сауалнамаларының нәтижелері бойынша дайындалды.

² Іскерлік белсенділік индексі жаңа тапсырыстар көлемі, жұмыспен қамту деңгейі, жаңа өнім көлемі, тауарлық-материалдық қорлардың көлемі, жеткізу мерзімдері сияқты кәсіпорындардың көрсеткіштерінің жиынтық өзгерісі ретінде есептеледі.

³ Іскерлік белсенділік индексі есептеу үшін диффузиялық индекс (ДИ) пайдаланылады, ол әрбір көрсеткіш бойынша оң жауап берген кәсіпорындар үлесінің және өзгеріссіз жауаптардың жартысының үлесінің қосындысы (үлестер салмақтанып есептеледі) ретінде есептеледі. Бұл индекс көрсеткіштің өзгеру динамикасын сипаттайтын жалпыланған индикатор болып табылады.

⁴ Бизнес-ахуал индексі (БАИ) есептеуде Ifo неміс зерттеу институтының әдістемесіне сәйкес ағымдағы айдағы бизнес-жағдайлардың көрсеткіштері (АЖ) және болашақ 6 айдағы бизнес-жағдайлардың күтілетін өзгерістері (БЖ) бойынша жауаптар теңгерімі (ЖТ) пайдаланылады:

$$\text{БАИ}^* = \sqrt{(\text{ЖТ}(\text{АЖ}) + 200) * (\text{ЖТ}(\text{БЖ}) + 200)} - 200$$

мұндағы, ЖТ – жауаптар теңгерімі

АЖ – ағымдағы экономикалық жағдай

БЖ – болашақтағы экономикалық жағдай

⁵ ЖТ (жауаптар теңгерімі) бизнес-шарттардың өзгеруі туралы сұрақтарға берілген оң және теріс жауаптардың үлестері арасындағы айырма ретінде есептеледі. Кәсіпорындар ұсынылған үш жауаптың біреуін таңдайды: "жақсарды", "өзгерген жоқ" және "нашарлады". Жауаптардың үлестері салмақтана отырып есептеледі.

⁶ Ifo зерттеу институты жасаған бизнес-цикл "сағаты" - бұл екі нөлдік сызықтың қиылысуымен төрт квадрантқа бөлінген диаграмма (координаттар жүйесі), олар іскерлік жағдай тұрғысынан экономикалық циклдің төрт кезеңін білдіреді: көтерілу, өсу, төмендеу, құлдырау. Егер ағымдағы жағдайларды бағалау теріс болса, ал күтулер оң болса, экономикасы көтерілу фазасында, егер ағымдағы жағдайларды бағалау және күтулер оң болса, онда экономика өсу фазасында т. с. с.

⁷ Диаграммалардағы деректер маусымдық фактордың әсерінен тазартылған (болашақ жағдайларды бағалау мен факторларды бағалаудан басқасы).

⁸ Алдыңғы айлардың динамикасында маусымдық тазалауға және ЖҚҚ нақтылауға байланысты өзгерістер болуы мүмкін.

⁹ Секторлар бойынша егжей-тегжейлі ақпарат (іріктеме туралы ақпарат, индикаторлар динамикасы, жауаптардың таралу нәтижелері) дашбордта берілген.

¹⁰ Секторлар бөлінісінде өңірлер бойынша іріктеменің репрезентативтілігіне қол жеткізуге қарай жаңа әкімшілік-аумақтық құрылымға сәйкес есептеу нәтижелері ұсынылатын болады.